



БҰЙРЫҚ

№ 154-Ө
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

М.М. Облысбаев
город Нур-Султан

**Ремедиация бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік
ұсынымдарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 139-бабына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ремедиация бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Министр



С. Брекешев



БҮЙРЫҚ

№ 154 н
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

С. Брекешев
город Нур-Султан

**Об утверждении методических рекомендаций по разработке
программы ремедиации**

В соответствии со статьей 139 Экологического кодекса Республики Казахстан **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые методические рекомендации по разработке программы ремедиации.
2. Комитету экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан в установленном законодательством порядке обеспечить размещение настоящего приказа на интернет-ресурсе Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан.
3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан.
4. Настоящий приказ вводится в действие со дня подписания и подлежит официальному опубликованию.

Министр



С. Брекешев

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар
министрінің 2022 жылғы
«» № бұйрығымен
бекітілген

Ремедиация бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1. Осы ремедиация бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 139-бабына (бұдан әрі – ҚР ЭК) сәйкес әзірленді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган келісуі бойынша экологиялық залалдың сипатына, сондай-ақ экологиялық залал келтірілген табиғи ресурстардың құрамдасына байланысты ремедиациялау жөніндегі іс-шаралардың мазмұнын, мерзімдерін, іс-шараларын айқындайды.

2. Пайдаланылған дереккөздердің тізімі негізінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, мемлекеттік органдардың ресми статистикалық деректері, жеке кәсіпкерлік субъектілері ақпаратының анықтамалары, монографиялар, жинақтар, көп томдық басылымдар, рецензиялар, ғылыми және зертханалық зерттеулер мен ізденістер нәтижесінде дайындалған, оның ішінде мемлекеттік органдар мен жеке бизнес субъектілерінің ресми интернет-ресурстарында және интернет-порталдарында орналастырылған есептер жатуы мүмкін.

3. Ремедиация:

- 1) жануарлар мен өсімдіктер әлеміне;
- 2) жер асты және жер үсті суларына;
- 3) жер мен топыраққа экологиялық залал фактісі анықталған кезде жүргізіледі.

4. ҚР ЭК 138-бабының 1-тармағына сәйкес, экологиялық залал келтірілген табиғи орта құрамдасын қалпына келтіру, қайта жаңғырту арқылы немесе егер экологиялық залал толық немесе ішінара жөнделмейтін болса, табиғи ортаның құрамдасын ауыстыру арқылы экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кешені ремедиация деп танылады.

Табиғи ортаның бұзылған құрамдасының базалық жағдайына қол жеткізу қоршаған орта құрамдасын қалпына келтіру деп танылады.

Осы бапта табиғи орта құрамдасын ауыстыру деп экологиялық залалға ұшыраған учаске шегінде немесе ҚР ЭК 138-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес балама аумақ шегінде жануарлар дүниесінің қорғалатын түрлері мен

олардың ареалдары үшін немесе ұқсас экожүйелік жағдайлары бар өзге құрамдасы үшін жасалатын қосымша жақсартулар түсініледі.

5. Ремедиация бағдарламасы жұмыстың кешенді сипатын ескере отырып, мақсаттар мен міндеттерді, оларды орындалу тәртібін және түпкілікті нәтижелерді көрсететін негізгі кезеңдерді қамтуы мүмкін.

6. Ремедиация бағдарламасын жасау кезінде зиян келтірілген қоршаған орта құрамдастарының көлемін, сипатын және басқа да сипаттамаларын белгілеу бойынша зерттеулер жүргізілуі мүмкін, не тиісті аумақта бұрын жүргізілген зерттеулер ескеріледі.

7. Зерттеудің мақсаты ремедиация бойынша жұмыстардың тәуекелдерімен байланысты мәселелерді шешу, ремедиация бойынша таңдалған іс-шаралардың нәтижелерін жақсарту, ремедиация өлшемшарттарын анықтау және экологиялық залал шеккен қоршаған орта құрамдастарының базалық деңгейін анықтау болып табылады.

8. Ремедиация бағдарламасы келесі бөлімдерден тұруы мүмкін:

- 1) аннотация;
- 2) кіріспе;
- 3) ремедиация объектісі туралы жалпы мәліметтер;
- 4) экологиялық залалға әкеп соққан процестердің сипаттамасы;
- 5) экологиялық залал келтірілген қоршаған орта құрамдастарының базалық деңгейін негіздеу;
- 6) экологиялық залал келтірілген қоршаған орта құрамдастарын зерттеу және тәуекелдерді бағалау;

7) ремедиация жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде қолданылатын іс-шаралардың, технологиялар мен әдістердің негіздемесі;

8) ремедиация бойынша жұмыстарды жүргізу кестесі;

9) постремедиациялық мониторинг;

9. Ремедиация бағдарламасының аннотациясы жоспарланған жұмыстардың қысқаша сипаттамасын қамтуы мүмкін (ремедиация бағдарламасының негізгі аспектілері). Ремедиациялау бағдарламасының қойылған міндеттері орындалмаған кезде ҚР ЭК 140-бабының 6-тармағына сәйкес қосымша ремедиациялау бағдарламасы әзірленеді.

10. Ремедиация бағдарламасының кіріспесінде ремедиация бағдарламасының мақсаты мен жалпы сипаттамасы сипатталады.

ҚР ЭК 138-бабының 4-тармағы негізінде медиация бағдарламасының мақсаты экологиялық залал келтірген қоршаған орта құрамдастарының базалық жағдайына қол жеткізу болып анықталады.

11. Бағдарламаны әзірлеу кезінде жауапты адам қоршаған ортаның құрамдастарына келтірілген экологиялық залалды жою кезінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды және және орындауға міндетті өзге де талаптар ескеріледі.

12. Ремедиациялау объектісі туралы жалпы мәліметтерде объект орналасқан аумақтың климаттық сипаттамалары туралы, қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы туралы сипаттама, осы аумақтың жануарлар және өсімдіктер әлемі, сондай-ақ экологиялық залал келтірілген қоршаған ортаның құрамдастары туралы мәліметтер келтірілуі мүмкін және келесідей мәліметтер көрсетіледі:

1) атмосфералық жағдайлар туралы ақпарат өңірлік және жергілікті климаттық режимнің, температураның және жауын-шашын статистикасының және өңірлік және жергілікті климаттық станциялардың деректеріне негізделген үрдістердің шолуы түрінде ұсынылады, сондай-ақ ауа сапасының өңірлік және жергілікті көрсеткіштерінің шарттарының жалпы сипаттамасы ұсынылады;

2) физикалық орта туралы ақпарат жергілікті физикалық-географиялық жағдайлардың (топография, жергілікті жер бедері, су жинау бассейні, топырақ пен жер асты суларының сипаттамалары), жер асты суларының сипаттамасы түрінде келтіріледі;

3) химиялық орта туралы ақпарат топырақтың және шөгінділердің жергілікті химиялық құрамын, жер үсті суларының (көлдер, су ағындары және басқа да жер үсті су объектілері) және жер асты суларының сапасын сипаттау түрінде келтіріледі;

4) биологиялық орта туралы ақпарат өсімдіктерді (флораны), жануарлар дүниесін (фаунаны), сондай-ақ тұтастай экожүйелерді сипаттау түрінде келтіріледі.

13. Экологиялық залалға әкеп соққан технологиялық процестердің сипаттамасы:

1) бұрын анықталған экологиялық залал келтіру фактілерін;

2) экологиялық залал келтіруге әкеп соққан факторлар мен мән-жайлар туралы мәліметтерді;

3) ремедиация бойынша жұмыстарды жүргізетін адам туралы мәліметтерді;

4) қоршаған ортаның құрамдастарына экологиялық залалды оқшаулау және (немесе) жою мақсатында қолданылған алдын алу әдістері мен технологиялары туралы мәліметтерді;

5) экологиялық залал келтірілген қоршаған орта құрамдастарының тізбесін, алаңдарын, көлемін және басқа да сипаттамаларын қамтуы мүмкін.

14. Экологиялық залал келтірілген қоршаған орта құрамдастарының базалық деңгейінің негіздемесі келесіні құрауы мүмкін:

1) қоршаған орта құрамдастарының сипаттамасы;

2) ремедиация міндеттері;

3) ремедиация өлшемшарттары;

4) ремедиация жөніндегі жұмыстарды аяқтау кезіндегі жорамалдар;

5) ремедиация жұмыстары аяқталғаннан кейін қоршаған ортаның құрамдастарын пайдалану мүмкіндігі ремедиация өлшемшарттарын әзірлеуге арналған нұсқаулық болып табылуы.

15. Ремедиация міндеттері ремедиация бағдарламасын әзірлеу кезінде қол жетімді ең жақсы әдістер мен мәліметтерді ескере отырып, анықталуы мүмкін.

16. Ремедиация өлшемшарттары сандық және сапалық болып бөлініп келесі белгілерге сәйкес келуі мүмкін:

1) экологиялық, әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың бірегей жиынтығын көрсету үшін қажетті және жеткілікті дәрежеде нақты;

2) ремедиация нәтижелері қоршаған ортаға зиян келтірген қоршаған орта құрамдастарының негізгі параметрлеріне қаншалықты сәйкес келетінін көрсету үшін өлшенеді;

3) белгілі бір уақыт кезеңінде өлшемшарттарға мониторинг жүргізу және ремедиация нәтижелерінің дұрыстығына көз жеткізу үшін мерзімді.

17. Базалық жай-күй деп, егер табиғи орта құрамдасына экологиялық залал келтірілмесе, ол болатын жай-күйі түсініледі.

Экологиялық залал келтірілген қоршаған орта құрамдастарының базалық деңгейі экологиялық залал келтірілгенге дейінгі көрсеткіштердің сандық және сапалық сипаттамалары негізінде айқындалуы мүмкін:

1) қоршаған орта құрамдастары көрсеткіштерінің сандық және сапалық сипаттамалары қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарынан немесе белгіленген қызмет әсерлерінің міндетті скринингінен қолданылуы мүмкін, онда белгіленген қызметті жүзеге асыру көзделетін шектерде аумақтағы және (немесе) акваториядағы қоршаған орта құрамдастарының ағымдағы жай-күйінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ егер бастамашыда осындай болса, фондық зерттеулердің нәтижелері келтіріледі;

2) экологиялық залал келтіру фактісіне дейін кемінде күнтізбелік 3 жыл бұрын орташаланған мәнді алу;

3) қоршаған ортаның шектес құрамдастарының немесе ұқсас сипаттамалары бар қоршаған орта құрамдастары көрсеткіштерінің сандық және сапалық сипаттамаларын алу.

18. Базалық деңгейді анықтау келесі параметрлер көрсеткіштеріне негізделуі мүмкін:

1) топырақ үшін – бақыланатын аумаққа жақын жердегі немесе бақыланатын аумаққа ұқсас жер санаты мен түрі бар, ұқсас топырақ пен өсімдік жамылғысы бар фондық учаскелерді таңдау;

2) жерасты сулары үшін – бөгде ластағыштар болмаған кезде экологиялық залалға ұшыраған учаске шекарасынан ағыс бойынша кемінде 1000 (бір мың) метр жоғары қашықтықта көрсеткіштердің сандық және сапалық сипаттамаларын өлшеу;

3) жерүсті сулары (өзен су айдындары мен көлдері) үшін – шағын өзендер үшін (ұзындығы 200 (екі жүз) километрге дейін) – ағыс бойынша 500 (бес жүз) метр жоғары.

4) қалған өзендер үшін: шаруашылыққа пайдаланудың қарапайым жағдайларымен және су жинаудағы қолайлы экологиялық жағдаймен – ағыс бойынша 500 (бес жүз) метр жоғары; шаруашылыққа пайдаланудың күрделі жағдайларымен және су жинаудағы шиеленісті экологиялық жағдай кезінде – ағыс бойынша 1000 (бір мың) метр жоғары;

5) бөгде ластағыштар болмаған кезде экологиялық залалға ұшыраған учаске шекарасынан ағын бойынша кемінде 1000 (бір мың) метр жоғары қашықтықта көрсеткіштердің сандық және сапалық сипаттамаларын өлшеу;

6) теңіз су айдындары үшін – бөгде ластағыштар болмаған кезде экологиялық залалға ұшыраған учаске шекарасынан ағынға перпендикуляр кемінде 10000 (он мың) метр қашықтықта көрсеткіштердің сандық және сапалық сипаттамаларын өлшеу;

7) радиологиялық көрсеткіштер үшін – бөгде ластағыштар болмаған кезде периметр бойынша экологиялық залалға ұшыраған учаскенің шекарасынан кемінде 1000 (бір мың) метр және санитарлық қорғаныш аймағы анықталған жағдайда санитарлық қорғаныш аймағының шекарасынан кемінде 1000 м қашықтықта радиологиялық көрсеткіштердің сипаттамаларын өлшеу»;

8) өсімдіктер дүниесі үшін – бөгде ластағыштар болмаған және табиғи ландшафт сақталған кезде периметр бойынша экологиялық залалға ұшыраған учаскенің шекарасынан кемінде 500 (бес жүз) метр қашықтықта көрсеткіштердің сандық және сапалық сипаттамаларын өлшеу;

9) жануарлар дүниесі үшін – бөгде ластағыштар болмаған кезде периметр бойынша экологиялық залалға ұшыраған учаскенің шекарасынан кемінде 3000 (үш мың) метр қашықтықта көрсеткіштердің сандық және сапалық сипаттамаларын өлшеу;

19. Ремедиация жүргізу кезінде экологиялық залал келтіргені үшін жауапты адам бұрын жүргізген зерттеулерді, сондай-ақ экологиялық залалды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізумен байланысты тәуекелдерді бағалауды пайдалануы мүмкін.

Ремедиациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде іс-шараларды, техникалар мен әдістемелерді қолдануда қажет зерттеулер мен тәуекелдерді бағалау болмаған кезде ремедиациялау бағдарламасын әзірлеу кезінде экологиялық залал келтіргені үшін жауапты адам қажетті зерттеулер мен тәуекелдерді бағалауды жүргізуі мүмкін.

20. Ремедиациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде қолданылатын іс-шаралардың, техникалар мен әдістемелердің негіздемесінде ремедиациялау бағдарламасы шеңберінде қабылданған таңдаулы шешімдердің негіздемесін және олардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтуы мүмкін.

21. Экологиялық залалды жою жөніндегі міндет жүктелген адам келтірілген экологиялық залалды тікелей ремедиациялауды жүзеге асырады, ол экологиялық залал келтірілген табиғи ортаның құрамдастарын қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар деп түсініледі не оларды ақылға қонымды мерзімде базалық жай-күйге дейін табиғи қалпына келтіру үшін жағдай жасайды.

22. Тікелей ремедиациялау мақсаттарына толық қол жеткізу объективті мүмкін болмаған жағдайда, тікелей ремедиациялау мүмкін болмайтын бөлігінде экологиялық залалды жою жөніндегі міндет жүктелген адам қосымша балама ремедиацияны жүзеге асырады, ол экологиялық залал келтірілген табиғи ортаның құрамдастары болатын аумақта қоршаған ортаны қорғау және жақсарту жөніндегі іс-шаралар деп түсініледі немесе экологиялық залал келтіру орнына мүмкіндігінше жақын орналасқан аумақта қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өзге де іс-шараларды орындайды.

23. Экологиялық залалды жою жөніндегі міндет жүктелген адам тікелей және баламалы ремедиация жөніндегі шаралардың қабылдануына қарамастан, экологиялық залал келтірілген кезден бастап табиғи ортаның құрамдастары толық қалпына келгенге дейінгі кезеңде келтірілген экологиялық залалдың салдарынан уақытша қол жетімді болмайтын экожүйелік көрсетілетін қызметтерді ауыстыру мақсатында экологиялық залал келтірілген табиғи орта құрамдастары орналасқан аумақты не осындай аумаққа мүмкіндігінше жақын орналасқан аумақты жақсарту жөнінде қосымша іс-шаралар (өтемдік ремедиация) жүргізеді.

24. Ремедиация бағдарламасындағы ремедиациялау жөніндегі іс-шаралар кестесі мыналарды қамтуы мүмкін:

- 1) қоршаған ортаның әрбір зардап шеккен құрамдасы бойынша экологиялық залал салдарын жою үшін жүргізілетін жұмыстардың көлемі;
- 2) экологиялық залалды жою кезінде жұмылдырылған техниканың, материалдар мен еңбек ресурстарының сандық және сапалық сипаттамаларын;
- 3) әрбір қабылданған іс-шара бойынша ремедиация бағдарламасында қабылданған іс-шаралар кестесі, өткізу мерзімі, басталу күні, жұмыс көлемі.

25. Келтірілген экологиялық залалды жоюға жауапты адамға ремедиация бағдарламасында қойылған, келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі мақсаттарға қол жеткізе отырып, ремедиация бағдарламасы аяқталғаннан кейін табиғи ортаның қалпына келтірілген құрамдастарының жай-күйіне мерзімдік мониторинг жасау бойынша жауапкершілік жүктеледі. Мұндай мониторингтің тәртібін, кезеңділігін және ұзақтығын, сондай-ақ есептілік тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

26. Келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі міндет жүктелген адам қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ремедиация бағдарламасын әзірлеу және уәкілетті органмен келісу қажеттігі туралы хабарламасын алған кезден бастап бір ай ішінде осындай залалды жою бойынша қажетті шараларды айқындайды және ремедиация бағдарламасын қоршаған

ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға келісуге ұсынады. Келтірілген экологиялық залалдың сипаты мен ауқымын ескере отырып, ремедиация бағдарламасын әзірлеуге қажетті егжей-тегжейлі зерттеулер жүргізу үшін неғұрлым ұзақ мерзім қажет болған кезде жоғарыда көрсетілген мерзім қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

27. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұсынылған ремедиациялау бағдарламасын он жұмыс күні ішінде қарайды, оны келіседі немесе оған тиісті түзетулер енгізеді және келісілген ремедиациялау бағдарламасын экологиялық залалды жоюға жауапты адамға жібереді.

28. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ремедиация бағдарламасын келіскен немесе келтірілген экологиялық залалды жоюға жауапты адамның қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның түзетулерімен келіскен жағдайда Тараптар аталған ремедиация бағдарламасын бекітеді. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ремедиация бағдарламасы бекітілген кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей оны ресми интернет-ресурста орналастырады.

29. Келтірілген экологиялық залалды жоюға жауапты адам қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның түзетулерімен келіспеген немесе мұндай адам ремедиация бағдарламасын бекітуден бас тартқан жағдайда, ремедиация бағдарламасын бекіту жөніндегі тиісті міндеттеме келтірілген экологиялық залалды жоюға жауапты адамға заңнамада белгіленген тәртіппен жүктелуі мүмкін.

30. Ремедиация бағдарламасын іске асыру мерзімі үш айдан асқан жағдайда, келтірілген экологиялық залалды жоюға жауапты адам қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ремедиация бағдарламасын орындау мәртебе-есебін бағдарламаны іске асыру басталған кезден бастап әрбір үшінші айдың соңында жібереді және оны интернет-ресурста (ол болған кезде) орналастырады.

31. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жыл сайын 1 желтоқсаннан кешіктірмей жүргізілетін ремедиация туралы ақпаратты ресми интернет-ресурста орналастырады.

32. Ремедиациялау бағдарламасын аяқтау нәтижелері бойынша келтірілген экологиялық залалды жоюға жауапты адам және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ремедиациялау бағдарламасын аяқтау актісіне қол қояды. Егер ремедиациялау бағдарламасында көзделген іс-шаралар толық көлемде орындалмаған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ремедиациялау бағдарламасын аяқтау актісіне қол қоюдан бас тартады және ремедиациялау бағдарламасын аяқтау үшін қосымша мерзімдерді келіседі.

33. Ремедиациялау бағдарламасында қойылған міндеттерге қол жеткізілмеген жағдайда, келтірілген экологиялық залалды жоюға жауапты адам

бір ай ішінде қосымша ремедиациялау бағдарламасын әзірлейді. Қосымша ремедиациялау бағдарламасын келісу және бекіту тәртібі ремедиациялау бағдарламасын келісу және бекіту тәртібіне сәйкес келеді. Ремедиация жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан және ремедиация міндеттеріне қол жеткізілгеннен кейін орындалған жұмыстар туралы есеп және ремедиация жөніндегі жұмыстарды орындау актісі жасалады.

34. Қоршаған орта құрамдастарының сипаттамаларын талдау нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен Қазақстан Республикасы нормативтік талаптарын және/немесе халықаралық белгіленген шекті мәндерін және/немесе қоршаған ортаның нақты құрамдастары үшін экологиялық залалға ұшыраған аумақта тәуекелді талдау нәтижесінде айқындалған ластанудың шекті мәндерін ескере отырып бағаланады.

Согласовано

19.04.2022 12:08 Кенжесары Ақмарал Серікқызы
19.04.2022 13:33 Батырбаев Аскар Куанышкалиевич
20.04.2022 10:51 Рахметов Әділбек Русланұлы
20.04.2022 11:26 Ибраимов Талгат Болысович
21.04.2022 16:43 Нугманова Марал Койшыбекқызы
21.04.2022 17:21 Хайруллин Мураткали Каримович
21.04.2022 17:43 Кожиков Ерболат Сельбаевич
21.04.2022 18:54 Жолдасов Зулфухар Сансызбаевич
26.04.2022 12:22 Момышев Т.А. ((и.о Сулейменова З.Б.))

Подписано

06.05.2022 13:21 БРЕКЕШЕВ Серікқали Аманғалиұлы